

6 дәріс тақырыбы: Жеке тұлға тәрбиенің объектісі, субъектісі ретінде және оның дамуы мен қалыптасуының факторы

- 1.Тұлға дамуының педагогикалық мәні. Тұлға туралы ұғым**
- 2.Тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға әсер етуші негізгі факторлар (тұқымқуалаушылық, орта, тәрбие)**
- 3. Тұлға дамуындағы іс-әрекеттің ролі**

ЖЕКЕ ТҰЛҒА - психологияда жеке тұлға деген ұғымның әртүрлі түсіндірмелері бар: жеке тұлға денегіміз әлеуметтік қатынастар мен саналы іс - әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид.

Жеке тұлғаның ең басты белгісі оның әлеуметтік мәнінің болуы және оның әлеуметтік функцияларды (қызметтерді) (болмысқа, адамдарға, өзіне, жалпы қоғамға қатысты) атқаруы.

Жеке тұлға, сондай-ақ, психологиялық дамудың белгілі бір деңгейіне ие (темперамент, мінез, қабілеттілік, мақсат-мүдделер).

Даралық ұғымы бір адамды басқа бір адамнан, бір тұлғаны басқа тұлғадан ажыратып, оған өзіне тән қайталанбас қасиет беретін жалпы мен жекеден тұрады.

Жеке тұлға дегеніміз- биологиялық құрылысы бар тіршілік иесі.

Жеке тұлға-бұл интегративті жүйе, ыдырамайтын тұтастық. Оның ең маңызды белгілері- саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір - қасиет, даралығы.

Жеке тұлғаның қалыптасуына, сонымен қатар, қоршаған орта да әсер етеді, адам және қоғам өміріндегі әлеуметтік экономикалық, тарихи қалыптасқан жағдайлар.

«Тәрбиеші тұлғасының жас жанға әсері оқулықтармен де, моральдық нұсқаулармен де, жазалау мен мадақтау жүйесімен де алмастыруға болмайтын тәрбиелік күшті құрайды»

К.Д.Ушинский.

Жеке тұлға Индивид Даралық

Даралық бір адамның басқа бір адамнан, бір тұлғаның басқа бір тұлғадан айырмашылығын, оның ешкімге ұқсамайтынын, өзіне тән ерекшелігі бар екенін сипаттайды.

Даралық, әдетте, адамның мінезі мен темпераментінің ерекше белгілері ерекше белгілері (мысалы, салмақты- жігерлі және мақсатты адам), шығармашылық қызмет- әрекеті мен қабілеттілігінің өзгешелігі ақылы ерекшеленеді.

Осылайша, мұғалімнің даралығы оның терең білімдарлығы, педагогикалық көзқарастарының ауқымдылығы, балаларға деген ерекше қатынасы, жұмыстағы шығармашылық ниеті, т.б. арқылы көрінеді.

«**Даралық**» ұғымы бір адамды басқа бір адамнан, бір тұлғаны басқа бір тұлғадан ажыратып, оған өзіне тән сұлулық пен қайталанбас қасиет беретін жалпа мен жекеден тұрады.

Адам қасиетін түсіндіретін тағы бір ұғым «индивид». Бұл сөз латын тілінен алынған және оның қазақша баламасы «жекелік».

Ұғым ретінде бұл сөз адамзат тұқымының еш қасиеттері ескерілмеген бір өкілін білдіреді. Бұл орайда әрбір адам индивид болып табылады. «Жеке тұлға» ұғымы мен онымен байланысты біртектес ғылыми категориялардың мәні осында.

Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамып, қалыптасатын болғандықан жеке тұлғаның «дамуы» мен «қалыптасуы» ұғымдарының мәнін ашу педагогика үшін маңызды мәселе болып табылады.

Бихевиоризм бағыты да жеке тұлғаның дамуының биологиялық бастауларын жақтайды. Осы бағыттың негізін салушы американдық психолог және педагог Э. Торндайктің (1874-1949 ж.ж.) пікірінше, жеке тұлғаның барлық қасиеттерін (соның ішінде сана-сезімін, қабілеттілігін) тек тектілік, тұқым қуалаушылық қана анықтайды.

Оның ойынша, ақыл-ой қабілеті балаға «көздері, тістері және саусақтары» сияқты дүниеге келгенінен-ақ беріледі. Ол адамды ұрпақтан ұрпаққа сол қалпында берілетін және жеке тұлғаның барлық қасиеттері мен келешегін толығымен анықтайтын «гендердің жинағы немесе батареясы» ғана деп санаған.

Прагматизм грекше — прагма дегеніміз — іс-әрекет, тәжірибе. Бұл бағыттың негізін салушы — Джон Дьюи (1859-1952 ж.ж.).

Ендігі бір көзқарастың негізін классикалық түрде ағылшын философы Джон Локк (1632-1704 ж.ж.) салып, француз материалистері оны ары қарай дамытқан. Бұл бағыт бойынша адам өмірінің жағдайлары мен тәрбие жеке тұлғаның қалыптасуының шешуші факторы деп есептелген. Д. Локктің белгілі бір пайымдауы бойынша баланың жаны дүниеге келген сәтінде таза тақтаға ұқсас (*tabula rasa*) болып келеді және тек оның өмір жағдайлары мен тәрбие ғана жеке тұлғаның белгілі бір қасиеттерінің пайда болуына себепші болады.

Педология баланы барлық жағынан және жанама зерттейді, бұл туралы өз кезінде

К. Д. Ушинский: «Егер педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда оның адамды барлық жағынан тануы да керек», — деген.

Материалистік философия орта мен биологиялық нышандар қатарында тәрбиеге ерекше орын бөледі, тәрбие — жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының үшінші факторы.

Материалистік түсінікте жеке тұлға тек объект ретінде ғана емес, сонымен қатар, ең бастысы, тәрбиенің субъектісі ретінде, өзіндік қайта құру қызмет-әрекетінің субъектісі ретінде қарастырылады.

Социологизаторлық бағыт оның өкілдері жеке тұлғаның қалыптасуына әлеуметтік ортаның әсерін бірінші орынға қойып, оның дамуының ішкі заңдылықтарын жоққа шығарады. Олар адамның рөлін төмендетеді.

Жеке тұлғаның дамуындағы тұқым қуалаушылық пен ортаның ықпалын бірінші орынға қойып, тәрбиенің күшін жоққа шығаратын бұл теориялар XIX ғасырдың аяғында психологиялық-педагогикалық зерттеулердегі ерекше бір бағыттың пайда болуына себепші болды, бұл бағыт «педология», яғни тура аударғанда «балалар туралы ғылым», «балатану» деген атқа ие болды.

Қазіргі уақытта ғалымдардың көбісі педологияны индивидтің сәби, жас өспірім, жастық шағындағы дамуының жалпы заңдылықтары туралы ғылым ретінде қарастырады.

Жеке тұлғаның дамуын түсіндіретін биологизаторлық бағыт ерте заманнан бастау алады. Сонау Платон (427-347 ж.ж. б.з.б.), Аристотель (384-322 ж.ж. б.з.б.) өз кездерінде-ақ адамдардың қоғамдық міндеттерін олардың табиғаты анықтайды деп санаған.

Аристотельдің пікірінше, туылған сәтінен бастап-ақ кейбір адамдар бағыну үшін, ал кейбіреулері билік ету үшін жаралған.

XVI ғасырда пайда болған преформизм (латынша — қайта құру, өзгерту) деген философиялық ағым төмендегідей ойды ұстанған: адамның ұрығында болашақ жеке тұлғаның барлық қасиеттері бар, ал даму олардың тек сандық жағынан артуын ғана білдіреді. Бұл орайда әлеуметтік факторлар мен тәрбиенің маңызы жоққа шығарылған.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУЫ

Даму табиғатқа, қоғамға және әрбір жеке тұлғаға тән жалпы қасиет болып табылады.

Даму дегеніміз - төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге қарай қозғалыс. Сатылай эволюциялық ауысу немесе революциялық секіріс түрінде жүзеге асатын жоғары сапалы күйге қарай спиралды өрлеу процесі.

Даму кезінде барлық философиялық заңдар жүзеге асады: өзгеру, санның сапаға ауысуы, бір сапаның басқа бір сапаға ауысуы (бұл орайда бір нәрсе алынып тасталады, «теріске шығарылады»).

Бұл қозғалыс, өзгеріс жеке тұлғаның дамуының қозғалыс күші болып келетін қарама-қайшылықтар күресі арқылы жүзеге асады.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ «ҚАЛЫПТАСУЫ»

Бұл жеке тұлғаның дамуының нәтижесі дегенді және оның пйда болып, тұтастыққа, бірқалыпты қасиеттерге және сапалраға ие болғанын білдіреді.

Қалыптастыру (қалыптасу) дегеніміз- бір нәрсеге пішін (форма) мен тұрақтылық беру; толықтық пен нақты бір түр беру.

Бұл арада **тұқым қуалаушылықтың** мәні өте зор- баланың ата- анасынан немесе ата- бабаларынан биологиялық ерекшеліктердің жиынтығы.

Тұқым қуалаушылық жер бетіндегі тіршіліктің тарихы және белгілі бір түрдің (біздің жағдайымызда- адамның) өмірінің тарихын анықтайды.

Адамның тұқым қуалаушылығын екі түрге бөлуге болады: **жалпы адамзаттық** (тік жүру бейімділігі, сана, сезім мүшелері дамуының бейімділігі, ақыл, шартсыз рефлексстер, нәсілік және ұлттық белгілер) және **даралық** (жүйке жүйесінің түрі, анатомиялық- физиологиялық бейімділіктер).

Ағзаның тектілік негізі немесе генотипі төмендегі нәрселерден тұрады:

- морфологиялық белгілері (сыртқы бейнесінің ерекшеліктері);
- функционалды ерекшеліктер (мысалы, қан тобы);
- адамға тән бейімділіктер (тік жүріп- қозғалу, сөйлеу қабілетінің дамуы, ойлау, еңбек ету қабілеті т.б.)
- жүйке қызметінің түрі (жүйке процестерінің күші, олардың қозуы мен тежелуі, шапшандық- ширақтылық)
- әрекеттіліктің қандай да бір түрінің анатомиялық-физиологиялық бейімділіктер
- есту мүшелері, ойлау құрылымы, сезім мүшелері құрылысындағы ерекшеліктер т.б.

Жеке тұлғаның қалыптасуына қоршаған ортаның әсері

Қоршаған орта **макро** және **микро** болып бөлінеді.

Макро орта- дегеніміз- адамға әлеуметтік-экономикалық ықпалдардың мол жиынтығы (өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар деңгейі, өмірдің қаржы жағдайлары, мәдениеттің даму деңгейі, бұқаралық ақпараттар құралдары).

Микро- орта дегеніміз баланың ең жақын қарым-қатынас ортасы, ол адамды әрдайым қоршайтын және оның дамуына әсер ететін өзара байланысты заттар, құбылыстар мен адамдар әлемі.

Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына, белгілі бір мөлшерде табиғи немесе географиялық орта (климат), табиғат жағдайлары әсер етеді.

ТӘРБИЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОР - ТӘРБИЕ –

Бұл тұлғаның қалыптасуына мақсатты бағытталған процесс, сонымен қатар тәрбие туа біткен нышандарды түзетеді және микро-органы өзгертеді.

Барлық балалар тәрбиелік-білім беру мекемелерінен өтеді, ол мекемелер педагогикалық процесті сауатты құрастырып, оқушылардың жан-жақты іс-әрекетін нәтижелі ұйымдастырады, өйткені ол жеке тұлғаның дамуының шешуші шарты болып табылады.

ГУМАНИСТИК КӨЗҚАРАСТАР

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, танып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады.

Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам өссе болады»

Абай баланың жаны дүниеге келгенде таза тақтаға ұқсас болып келеді және оның өмір жағдайлары мен тәрбиесі ғана жеке тұлғаның белгілі бір қасиеттерінің пайда болуына себепші болады.

Джон Локк тәрбие үш мақсатқа жетуге бағытталуы тиіс: **өзінді, қоршаған органы тану, Құдайға сиыну.**

«Адамның адам болып қалыптасуы жалғыздықта өмір сүрмейді, бірліктердің арқасында адам болып қалыптасады, өзін қоршаған басқа субъектілермен бірдей жағдайда тұрмайды, бірақ әрқайсысының ықпалы осы жерлерге үздіксіз жауап қайтаруынан», - **П.Наторп**

«Қоғам үшін де, жеке тұлға үшін де дүниетанымсыз өмір дегеніміз бағыт - бағдардың жоғарғы сезімнің патологиялық бұзылуын білдіреді», - **А.Швейцер**

«Жеке тұлғаның дүниетанымы біршама кешігіңкіреп келетін кұбылыс, ол адамның жеткіншек шағында пайда болады, оның қалыптасуының негізі жалпы тәрбиелілік бағыттылық, дүниетану мен дүниені сезу жүйесі болып табылады», - **Л.И.Божович**

С.Л.Рубинштейннің зерттеуі бойынша жеке адам өз қылығы мен іс – әрекетін саналы басқаруға мүмкіндік беретін психикалық даму деңгейімен сипатталады, яғни өз әрекетін ойластыра біліп, жауапкершілікті сезіну қабілетінің болуы; өз бетінше дербес іс – әрекетін жасай білуі – жеке адамның мәнді белгілері.

Белгілі фолософ, ғалым **В.П.Тугаринов** жеке адамның сапалық көрсеткіштері ретінде төмендегілерді атайды.

- 1) саналылық;
- 2) жауапкершілік;
- 3) еркіндік;
- 4) жеке басының қадірі;

5) даралық осыларға және қоғамдық белсенділік пен бекіген саяси – идеялық бағытты қосады.

Жеке адамдың критерийлерін (өлшемін) белгілеумен В.П.Тугаринов бұл түсінікті адамның жастық әрі психикалық кемелденуімен байланыстырады.

Адамның қоғамдық тіршілік иесі сипатының толықтығы үшін «индивид» түсінігін білген де жөн.

Бұл латын сөзі қазақша «жекелік» дегенді білдіреді. Түсінік ретінде одан адамзат тегінің әрбір бөлек өкілін, оның сапа – қасиеттеріне қатыстысын танимыз.

Бұл тұрғыдан әрбір ақыл – есі дұрыс «индивид» бола алады. «Жеке адам» түсінігінің және «адам» онымен байланысты ғылыми категориялардың мәні міне осындай.

Тұлға – әлеуметтанудың өзекті проблемаларының бірі, өйткені қоғамдағы болып жататын әлеуметтік құбылыстар мен процестердің себептерін, мәнін жеке тұлғалардың мәнді сипатты белгілері арқылы түсінуге болады.

Басқаша айтқанда, жеке тұлғаның мінез-құлқы арқылы тұтас топтың, қоғамның өмірін түсінуге болады.

Адамның аса күрделі табиғаты оның қоғамдағы әр түрлі байланыс қатынастары қазіргі әлеуметтануда адамға, оның тұлғалық түрінде байланысты, алуан түрлі модельдерді жасауға ықпал етті.

Осылардың бірі адамның бейнесіне әлеуметтік рөлдердің жиынтығы ретінде қарау.

Әлеуметтік рөл- қоғамдағы адамдардың белгілі бір алатын орнына, жағдайына, олардың басқалармен қарым қатынастарына байланысты және қабылдаған ережелерге сәйкес адамдардың атқаратын қызметтері. Тұлға туралы теориялар. Әлеуметтік статус және әлеуметтік рөлдер.

Әлеуметтік рөл - дегеніміз қоғамдағы адамдардың белгілі бір қызмет атқарған жағдайда белгілі бір тәртіп нормаларын сақтауын айтамыз.

Ал рөлдік жүйе дегеніміз-адамның қоғамдағы алатын орнына, жағдайына, тұрмысына сәйкес істейтін қызметінің жиынтығы. Адамдардың әлеуметтік рөлдерді бойына сіңіріп, игеріп, меңгеру тұлғаны әлеуметтендіру процесінің бір бөлігі, оның қоғамға, топқа толық енуінің негізгі қажетті шарты.

Әлеуметтік рөлдердің мысалы ретінде адамдардың мамандыққа байланысты рөлін айтуға болады. Әлеуметтік рөлдерді игеріп, меңгеруде адам әлеуметтік тәртіп стандарттарын игеріп, меңгеруді, өзін өзі бағалап, бақылауды іске асырады.

Әрбір адам әлеуметтік жүйеде бірнеше қызметтерді атқаруын - **статус** дейді.

Әрбір адамның бірнеше статусы болуы мүмкін, бірақ оның жағдайын бір ғана статус анықтайды.

Бұл жалғыз статус басты немесе интегралды деп атайды. Еңбегі арқылы қол жеткізген статус адамның қажырлы еңбек етуіне байланысты.

Статустың табиғи деген түрі болады. Тұлғаның табиғи статусы адамның мәнді, тұрақты сипатты белгілеріне байланысты (ер адам, әйел, бала, жасөспірім, қарт, т.б.)

Кәсібіне байланысты статус тұлғаның базистік яғни негізгі статусы болып есептеледі.

Тұлға тек қана әлеуметтік қоғамдық қатынастардың жемісі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік іс- әрекет, қызмет қоғамның барлық салаларында әрдайым көрініп отырады.

Макс Вебер іс -әрекетті біреуге бағытталуын, нысаналануын тосу, күту, үміт ету дейді.

Вебер әлеуметтік іс -әрекетті, қимылды 4 типке бөледі. 1.Ақыл ойдың мақсатқа бағытталуы. Мұнда әрбір іс -әрекеттің мақсаты мен құрлымының бір- біріне сәйкестігі көзделеді

2. Іс әрекетің құндылыққа бағытталуы. Мұнда әрбір іс әрекеттің басқа құндылық, бағалық үшін өмір сүруі көзделген. Тұлға- әлеуметтік қатынастардың объектісі және субъектісі ретінде.

Әлеуметтік іс әрекет пен қызметтің қозғаушы күші объективтік жағдайлармен байланысты.

Объективтік жағдай адамдардың қажеттілігінен мұң мұқтажынан, мүлдесінен, мақсатынан шығады.

Мүлделердің мақсатардың негізінде әлеуметтік талап тілектерді білдіретін адамдардың қажеттіліктері жатады. Осыған орай мүлде, мақсат бір нәрсеге, затқа деген қажеттілікті түсінудің түрі ретінде көрінеді.

Қажеттілік тұлғаны өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қатар сыртқы табиғатпен тығыз байланыстырады, өйткені адам табиғаттан өзіне керегін алып, өзінің мүлдесін, мақсатын қанағаттандырып отырады.



Назарларыңызға рахмет!!!